Балалардың әлеуметтік бастамасын



дамыту бөлімінің мақсаты:

- әлеуметтік білімді қамту және онымен алмасуға оң әсер ететін балалар мен ересектерге арналған бірыңғай коммуникациялық кеңістікті қалыптастыру үшін жағдай жасау. Қойылған мақсатты іске асыру келесі міндеттердің шешімін табу арқылы жүзеге асырылады:

- қоғамдағы тәрбиелеу жүйесі мен мемлекеттік жастар саясатын дамытуға бағытталған Қазақстан Республикасының заңдарын практикалық тұрғыда жүзеге асыру;
- балалардың қызығушылығын, жеке тұлға ретінде дамуын, шығармашылық потенциалының ашылуын қанағаттандыруға жағдай жасау;
- әлеуметтік маңыздылығы бар балалар жобаларын дайындау және жүзеге асыру;
- Қарағанды облысының балалар-жасөспірімдер қозғалысының бірыңғай ақпаратты кеңістігін құру.

Сол себептен Балалар мен жеткіншектер сарайының «Балалардың әлеуметтік бастамасын дамыту» бөлімі жазғы уақытта облыстық және қалалық Балалар мен

жасөспірімдер ұйымдары мектептерінің активтері үшін Қарқаралы ауданының демалыс базасы аясында маусым мен шілде айының аралығында «Көшбасшы мектебі» бағдарламасы аясында тақырыптық ауысымдар ол:

1-ші ауысым «Қазыналы Жерұйық»;

2-ші ауысым «Game town»;

3-ші ауысым «КТА мектебі» жиындар ұйымдастырылады.

Бағдарламаны «Балалардың әлеуметтік бастамасын дамыту» бөлімінің педагогтері басқарады.

Биылғы жылы 1-ші «Көшбасшы мектебі» бағдарламасы аясында тақырыптық ауысым - «Қазыналы Жерұйық» атауымен өтті.

Бағдарлама негізі өлкетану қызметі және оның түрлері болып табылады: өлкетану байқаулары, ойындар, викториналар, конференциялар, экскурсиялар, жорықтар және экспедициялар.

Мақсаты: кіші отанының, өз өлкесін, қаласын білетін, сүйетін және оның дамуына белсенді үлес қосатын азаматты, патриотты тәрбиелеу үшін жағдай жасау.

«Жерұйық қазынасы» турының негізгі объектісі: Қарқаралы ауданы.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын оқи отырып, оның әрбір сөйлемінде бүгүніміз бен болашағы жарқын Қазақстанға апаратын нақты



жоспар, мақсат көрсетілген. Елімізде әлеуметтік-экономикалық, саяси реформалар жақсы жүзеге асуда. Ал бұл мақаладағы рухани өрлеу, рухани жаңғыруды біздің дамуымыздың ең басты тұғырларының бірі деп есептейміз.

Елбасы өз ойын одан әрі өрбіте келе, бірнеше бағдарламаларды жүзеге асыру қажеттігін айтты, әсіресе, «Туған жер» бағдарламасының орны ерекше болмақ. Отанды сүю кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, өңіріңе, яғни туған жеріңе



деген сүйіспеншіліктен бастау алады. «Туған жерге деген сүйіспеншілік нені білдіреді, жалпы, бағдарламаның мәні неде?

Ендеше, «Жерұйық қазынасы» атты «Көшбасшы мектебін» өткізу концепциясына келетін болсақ, жоба кіші Отанның тарихы мен оның түрлі аспектілерін меңгеруге бағытталған: қалалар, селолар, кенттер, байырғы халықтардың қоныстары, тарихи оқиғалар, туған өлке топонимикасының тарихы.

«Жерұйық қазынасы» бағдарламасының ерекшелігі, өзінің кіші Отанының – Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданын, Қазақстанның бір

бөлігінің мәдени-тарихи мұрасын меңгеруге бағытталған.

Көшбасшы мектебін өткізу бағдарламасының әр уақыты, әр күні Қарағанды қаласының Балалар мен жеткіншектер сарайының «Балалардың әлеуметтік бастамасын дамыту» бөлімінің педагогтері жазылып, оқушыларға тиімді ұйымдастырылды. Қатысушылар: Қарағанды облысының жалпы білім беретін мектептерінің, гимназиялары, лицейлерінің, кәсіби колледждерінің 5-11 сынып оқушылары.

**«Көшбасшы мектебі» бағдарламасы аясындағы тақырыптық ауысым - 2-ші ауысым «Game town.** Бағдарламада оқыту, спорттық іс-шаралар туристік жорықтар, саяхаттар, би-ойын бағдарламалары қарастырылған.

**«Көшбасшы мектебі» бағдарламасы аясында тақырыптық ауысым - 3-ші ауысым «КТА мектебі» (Көңілді тапқырлар алаңы мектебі).** КТА мектебі бірегей ағарту, патриоттық, эстетикалық және балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын жемісті болуын тәрбиелеу мен ұйымдастыру құралы болып табылады. Бұл тек КТА қатысушыларына байланысты ғана емес, сонымен қатар жанкүйерлерге де қатысты.

Бағдарламаның педагогикалық пайдалылығы шығармашылық қызметті қамтамасыз етумен, сахна қозғалысын үйренумен, сахнадағы сөйлеу мәнерімен, актерлік шеберлікпен, вокалдық және хореографиялық өнермен, тіл, есте сақтау, қиялды, көзқарасты, көркемдік өнерді дамытумен қорытындыланады; сонымен қатар команда да жұмыс жасауды қалыптастырады.

**Жаздың бұл кезеңінде осындай жол жүру жиындары мен шамамен 300 бала қамтылды.**

«Жаз» орталығының бағдарламасы аясында Балалар мен жеткіншектер сарай тәрбиеленушілері, Сұрыптау кенті бөлімшесінің Октябрь ауданы мен қала, мектеп жанындағы лагерьлері балаларының қатысуымен арнайы келесі мерекелік іс-шаралар жоспарланып өткізілді:

- Халықаралық балалар күніне арналған іс-шара;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер Күні;
- «Астана – ару қала» Астана күніне арналған іс-шара.

Сонымен қатар, жазғы кезеңде БмЖС шығармашылық ұжымдары халықаралық байқауларға қатысып жүдделі орындарға иеленді.

Жыл сайын сарайымыздың шығармашылық ұжымдары, тәрбиеленушілері Шет мемлекеттерге барып өнерлерін тамашалап жеңіспен оралуда.

Жалпы БмЖС жоғары дәрежедегі нағыз кәсіби мамандары арқасында, оқушылардың жазғы демалысы түрлі бағдарламамен, тиімді ұйымдастырылып мыңдаған бала жазғы сауықтырылумен қамтамасыз етілді.

Балалар демалысының ұйымдастырылуы жайлы сөзімізді қорыта келгенде, біз көп нәрсені ұсақ-түйек санаймыз. Ал тереңірек ойлап қарасақ, жазғы лагерьлер – тек демалыс орны ғана емес, үлкен тәрбие мен үгіт-насихат құралы. Мәселен, балалар онда жай демалып қана қоймай, әрі денсаулығын түзейді, әрі қоршаған ортаны танып, еңбекке, достыққа бейімделеді.

Айналып келгенде, балаға бүгінгі жасалатын қамқорлық елдің ертеңін ойлау мақсатынан туындайтыны түсінікті жайт.

## ОҚУШЫ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА БАЛАЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН, ДАРЫНДЫЛЫҒЫН ДАМУДА ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІҢ РӨЛІ

**Иманғазиева Клара Әубәкірқызы**

Алматы облысы, Райымбек ауданы, Текес ауылы,  
Текес ауылындағы балалар өнер мектебінің директоры,  
Мәдениет майталманы, жоғары санатты ұстаз



Қазақстандағы қосымша білім беру жүйесі білім беру кеңістігінің ең динамикалық дамушы құрамды бөлігі болып табылады. Ол стандартты жүйеге қарағанда ерекше ашық, еркін дамуды қалыптастырады балалармен жұмыс жасау мазмұны әдісімен формалары үнемі өзгерісте болады, педагогтік авторлық шығармашылығы позициясын дамыта алады. Мектебіміздің мақсаты: Қосымша білім беру жүйесін толыққанды ұйымдастыруға, оқушылардың сапалы қосымша білім алуына, тұлға болып дамуына, әлеуметтік және кәсіби дамуына ұлттық және жалпы

азаматтық құндылықтарды ғылым мен тәжірибе негізінде олардың мүддесіне, талаптарына, қабілеттеріне, икемділігіне және таланттарына қарай дамытуды анықтау жолымен тәрбиелеу үшін қажетті жағдай жасау.

**Міндеттері:** Біртұтас білім кеңістігін құруға, оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, жұмыс формасын, мазмұнын, әдістерін анықтау, қосымша білім беру жүйесіне оқушылардың қызығушылығын қанағаттандыруға арналған шығармашылық қызмет түрлерін кеңейту.

Ол әлеуметтік тұрғыда да қажет жеке тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамытуды негізгі үйлестіруші білім жүйесі ретінде, қоғам мен мемлекет тарапынан тұрақты назар аударуды және қолдауды қажет етеді.

Барлық мектептен тыс мекемелердің мақсаты – балаларды әсемдік әлеміне, мәдениет жетістіктеріне тарту, тұтас алғанда шығармашылық қабілетін дамыту, жан-жақты дамыған жеке адамды адами құндылықтар негізінде тәрбиелеу болып табылады.

Қосымша білім мекемелеріндегі сабақтардың алуан түрлі формалары: вокалдық, би, аспаптық-ансамбльдер, оркестрлер, музыкалық-драмалық үйірмелер оқушылардың музыкалық, эстетикалық даярлығын ұлғайтумен тереңдетудің маңызды факторы болып табыладытындығы нақтыланған.

Қосымша білім беру мекемелерінің негізгі міндеті:

- Балалардың жеке басының дамуына кәсіптік бағдарын айқындауына, шығармашылық еңбегіне, жеке қабілеттерін іске асыруына жағдай жасауды қамтамасыз ету;

- балаларды қоғам өміріне бейімдеу;  
- балалардың бос уақытын мазмұнды өткізу;  
- өскелең ұрпақтың азаматтық сана сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын салтын қалыптастыру.

Музыка өнердің негізгі түрі болып саналады, олай болса ұрпағыңның өнегелі өнерлі, еңбек сүйгіш абзал азамат болып өсуін армандайтын қазақ халқы қыздарын үй шаруашылығының алуан түріне, ұлдарын қол өнер шеберлігіне баудумен қатар ән

айтқызу, күй шерткізу, өлең-жыр жаттату сияқты түрлі өнер салаларын меңгеруіне де көңіл аударуды мақсат етуде, сондай-ақ кеңпейілділік, сыпайылық ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау ұлттық тәрбие беруде басты міндет екені анық.

«Балаға басқұр қалдырғанша, тозбас дәстүр қалдыр» деген халық даналығы бұзылмайтын қағида болуы бүгінгі күннің көп талабының бірі болуы шарт.

Музыкалық білім берудің тәрбиелік және білімділік міндеттері:

1. Ұлттық музыкаға құрметпен қарау.
2. Ұлттық салт-дәстүр мен әдеп-ғұрыпты қастерлеуге тәрбиелеу.
3. Қазақ ұлтының мәдениетімен өнерін жаңғырту.
4. Өзге халықтардың ұлттық музыкасымен таныса жүру.
5. Ұлттық классикалық, әлемдік деңгейдегі музыка өнерін оқып зерттеу.
6. Белгілі композитор, музыканттар, орындаушылар шығармашылықтарымен танысу.
7. Музыканы тыңдау мен орындау барысында өзіндік мәдениет қалыптастыру.
8. Музыканы тыңдау, түсіну, сезіну, таңдау, салыстыра білу талғамын қалыптастыру.

Осындай міндеттерді түсінген тәрбиеленушілерді біліктілігі жоғары ұстаздардың көмегімен өзі қалаған өнер түрін меңгеруге бағыттау қосымша білім беру мекемесінің



борышы болып табылады.

Текес ауылындағы балалар өнер мектебі 1981 жылы Нарынқол музыка мектебінің филиалы болып ашылған. 1989 жылы Текес балалар музыка мектебі болып, 1992 жылы Нарынқол аймағында дүниеге келген дарынды күйші Қожеке Назарұлының есімі берілді. 1996 жылы Текес ауылындағы балалар өнер мектебі шаруашылық есепке көшіріліп, қиын күндерді басынан өткізді. 2002 жылы сол кездегі Білім Министрі Шәмші Көпбайқызы Беркімбаеваға жазылған хаттың көмегімен, мектептің өткен жылдарда жеткен жетістіктерінің арқасында мектеп «Текес балалар шығармашылық орталығы» болып қайта құрылды.

2006 жылдан «Текес ауылындағы балалар өнер мектебі» мемлекеттік коммуналдық

қазыналық кәсіпорны болып қайта құрылды. 2014 жылы ішкі безендірілуін қолға алдық. Мұғалім мектептің жүрегі. Текес ауылының азаматы, ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Білім Беру ісінің Құрметті қызметкері Нүсіпбеков Бексейіт мектебімізді 32-жыл басқарған, кейінгі жылдарда домбыра класының мұғалімі болған, қазіргі таңда зейнеткерлік демалысқа шыққан.

Оқушылар туралы Текес ауылында 119 оқушы, Нарынқол ауылында 42 оқушы, Сарыбастау ауылында 39 оқушы, Қайнар ауылында 23 оқушы, Қақпақ ауылда 14 оқушы, Жамбыл ауылынан 4-оқушы, Сүмбе ауылында 4 оқушы, Жаңа-Текес ауылында 5 оқушы білім алып жатыр. Нарынқол ауылында барлығы 7-ұстаз жұмыс жасайды ол жерде домбыра, қобыз, фортепиано, би, жыр-терме, шешендік өнер кластары бар.

Марапатпен жетістіктер бойынша: Мектеп директоры: К. Иманғазиева Халықаралық Қазақ Творчестволық Бірлестігі «Мәдениет Майталманы» медалімен, Қазақстан Республикасы Білім беру ісіне қосқан үлесі үшін «Алаш ұстазы» медалімен Рахымжан Еркін, Ұ.Әбдимакимова Бейбітшілік Әлемі Халықаралық Творчестволық бірлестігінің «Лидер Образования» медалімен, Экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында ұйымдастырылған «Экстремизмге жол жоқ!» постерлер байқауында сурет класының ұстазы Бақыт Анар Бақытқызы 3- дәрежелі дипломымен марапатталды.

Республикалық, халықаралық, өнер мен білім байқауында үздік шәкірт дайындағаны үшін дипломмен және алғыс хатымен К.Иманғазиева, Е.Рахымжан, К. Бабашева, К.Нусибекова, Сатылғанов Данияр, Б. Тастамбаев, М. Садвакасова, Ж. Нурлин, Ұ. Абдимакимова, Е.Абдиманапов, А. Монтаев, А. Алибаев марапатталды.

Бүгінде өркениетті елдердің озық тәжірибесі жаңашыл бағытын зерделей отырып, ауыл мектебі де өрге ұмтылып, өнерін ұштауға ден қоюда, осы Рахымжан Еркіннің ұстаздық жолда жаңашыл, прогресшіл жаңа педагогикалық технологияларды меңгеруге деген ықыласы қуантады. Шәкірттерін деңгейлеп оқытуда және қабілеті мен талантын тани білуге барын салуда «Қосымша білім педагогі» облыстық семинарда облыс педагогтері арасында бас қобыз аспабын меңгерудің тиімді әдістері атты шебер сынып өткізіп тәжірибиелерімен бөлісіп жүрген озат ұстаздар.

Мектепте ұстаздардан құрылған «Ақтолқын» фольклорлық Халық ансамблі жұмыс істейді. Бұл ансамбльдің негізгі репертуары жергілікті күйші Қожеке Назарұлының шығармаларын қамтиды. 2001 жылы, осы ансамбль орындаған Қожекенің «Ақтолқын» күйі, атақты Құрманғазы, Отырар сазы оркестрлерінің шығармаларымен бірге, шетелдіктерге сыйға ұсынылатын компакт дискіге кірген болатын. Ансамбль Райымбек Ауданының айнасы десе болғандай, барлық мерекелік шаралар біздің ансамбльдің қатысуымен өтеді.

Ауылына қарап азаматын таны деген сөз бар емес пе халқымызда «Өнер өлкесінде» атты тақтада өнер қайраткері, Жетісу жұлдызы Қанат, Қайрат, Ерболат Құдайбергеновтың туған ауылы екенін мақтаныш ете бастайық. Сондай-ақ, әлемдік деңгейде өнер көрсетіп жүрген мектептегі баян класын бітірген бүгін де танымал қазақ өнерінің қара шаңырағы М.Әуезов атындағы драм театрдың актері Ерлан Біләл, Атыраудағы Махамбет атындағы драма театрының актері Сабит Қожабеков, Терісқақпай әзіл-ысқақ театры актері Дархан Дайырбеков, Отырар сазы оркестрінің күйші Әсем Бухарова мен барабаншысы Бақыт Мегенов, облыстық «Қобыз сарыны» ансамблінің қобызшысы Назгүл Алмабекова, Астанадағы Президент оркестрінің әншісі Гүлден Жұмабай, Алматыдағы «Қазақконцерт» бірлестігінің әншісі Г.Алшынова, Астанадағы «Мейірім» театрының актрисасы Әлдибекова Айкерім, Жамбыл облысының музыка мектебінің қобызшысы Нусіпбекова Бибінұр сынды шәкірттерімізді осы мектепте оқығанын марқая хабардар етеміз. Осы мектепті бітіріп, өз білімін ұшқан ұясында жалғастырып жатқан Данияр Сатылғанов, Маржан Садвакасова, Бақыт Анар, Нұрдәулет Ердос, Асан Елдос, Жабықбай Әлішер бүгінгі жас ұстаздар қатарын толықтырып отыр. Республиканың әр түпкірінде музыка саласында еңбек еткен көптеген шәкірттеріміз өз істерінің шебер маманы екенін дәлелдеп жүр.

# БАЛАЛАРДЫҢ ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІ БОЙЫНША АУЛА КЛУБТАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

**Салбенбекова Салтанат Даулетхановна,**  
ҚР БҒМ-нің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының  
әлеуметтік-педагогикалық бағыттағы бөлім жетекшісі, Нұр-Сұлтан қаласы

Қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі – балалар және жасөспірімдердің тұрғылықты жері бойынша жұмыстарға оларды жұмылдыру болып табылады. Себебі, қазіргі уақытта балалар аула клубтарының қызметі өзекті болып отыр. 2013 жылдан бері клубтардың желісін кеңейтуге және жасөспірімдерді, жастар мен педагогтерді клубтарға тартуға мүмкіндік беретін нормативтік құжат бекітіліп, қолданысқа енгізілді.

Жалпы алғанда аула клубы ұғымы кеңес дәуірінен бастау алады. Сол кездердің өзінде де балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінен басқа шығармашылық орталықтары, жастар мен оқушылар сарайлары болды. Аула клубтары балаларды пайдалы жұмыспен қамту үшін аула тұрғындарының бастамасымен ұйымдастырылып отырған.

Балалардың тұрғылықты жері бойынша аула клубтары – балаларға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсететін әлеуметтік инфрақұрылымның негізгі элементтерінің бірі және жеке, ұжымдық мәселелерді шешудегі белсенді қоғамдық қатысудағы өз әрекеттілік пен өзін-өзі ұйымдастыру еркін тілдесудегі орын (кеңістік), кездесулер, қызығушылықтары бойынша бірлестіктер, жасөспірімдер мен жастарды әр түрлі мүмкіндік пен қызығушылықты іске асыруды қамтамасыз ететін клубтық желі болып табылады. Тұрғылықты жері бойынша жұмысты ұйымдастыру уақытқа сәйкес спорттық секциялар, техникалық үйірмелер, көркемдік үйірмелер, қызығушылықтары бойынша бірлестіктердің желілері арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі таңда баланың қызығушылығына септігін тигізіп, олардың икеміне, өздерінің қызығушылығына қарай жаңа қырынан танылу, өмірлік жолын балалық шақтан анықтауда аула клубтарының маңызы зор. Аула клубының мақсаты - білім алушылардың мектептен тыс өмірін тиімді пайдаланып, өздері қызығып оқып жүрген пәндерін тереңдетіп оқыту, жалпы баланы жан-жақты дамытып, бейімін жетілдіру болып табылады. Себебі, әр бала өзінің жүрген ортасында оның жауапкершілігі арта түседі. Бала бойында жасырынып, ашымай жүрген түрлі өнердің ұшқынын ашу, сол бір бойындағы бар таланттан үлкен өнер иесін жасау шарт. Әдеттегідей, әр клубта жұмыстың басым бағыты анықталып, аталған клубқа баратын балалардың өз қызығушылықтары ескеріледі, клубтың жылдық жоспарында зияткерлік, спорттық іс-шаралар, әскери-патриоттық, эстетикалық және рухани-адамгершілік бағыттағы іс-шаралар жоспарланады. Яғни, жұмыс кешенді әрі жүйелі болуы қажет. Сол себепті мектептен тыс уақыттарында әр баланың өз бойындағы дарынын дамытуға мүмкіндігі болуы шарт. Осы жұмысты педагог-ұйымдастырушы ережеге сәйкес бағытталған қызметтердің бір жұмысын басқаруы қажет: спорттық, туристік-өлкетану, экологиялық-биологиялық, ғылыми-техникалық, әскери-патриоттық, көркем-эстетикалық және оны ұйымдастырудың ерекшеліктерін білуі керек.

Бүгінде республикамызда **1102** аула клубтары жұмыс жасап жатса, оның ішінде **40 939** бала өз қызығушылығымен қамтылғаны қатты қуантады. Бұл аула клубтарында қосымша білім берудің (көркем-эстетикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетану, спорттық-денешынықтыру және сауықтыру) бағыттары бойынша бірқатар үйірмелер жұмыс жасайды. Алдағы уақытта олардың саны тағы да артатынына сенім артамыз.



# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ДАМУЫНДАҒЫ ЖАҢА ЗАМАНАУИ ДАМУЫ ОЙЫНДАРЫ

Нұр-Сұлтан қаласы, №14 «Ақбөпе» балабақшасының тәрбиешісі  
Ильясова Анар Хамитовна

Неміс психологымен айтылған ой әлі күнге дейін танымал. Ойын-балалар қызметінің жетекші түрі. Ойын-белсенділік, мақсатқа талпынушылық, еңбекке деген сүйіспеншілік, мектепке деген оң көзқарас, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі бақылау жүргізу қабілеті қалыптасатын үрдіс.

Бала жаңа ойынның тартымды ойымен өмірге бейімделгенін, үйренгенін байқамайды, бірақ қиындықтар тап болса да, оларды жалғастырады. Қызықты формадағы берілген білім, балаларға тез, берік және жеңіл меңгеріледі. Білім беру ойындары - бұл креативті процесті өзі модельдейтін және өз микроклиматын жасайтын ойындар, онда интеллект пен креативті процестердің шығармашылық жағынан дамуы үшін мүмкіндіктер пайда болады. Әрбір ойын дамыту ойыны болуы мүмкін, егер бала өзі жасай алатын болса оған көмектесудің қажеті жоқ. Осылайша, егер баланың зияткерлік және креативті қабілеттерін дамытуға кілт тапса, онда мектепке дейінгі баланың көп қырлы тұлғасын қалыптастыру мүмкіндігі ашылады. Авторлық дамыту ойындары арасында В.В.Воскобовичтің, Дьенештің блогы, Кьюзердің таяқшалары және т. б. интеллект дамуына әсер ететін инновациялық ойындардың тобын бөліп көрсеткіміз келеді.



Сурет 1. Мектепке дейінгі баланың зияткерлік дамуындағы жаңа заманауи дамыту ойындарын қолдану

Неге біз Воскобовичтің дамыту ойындарын таңдадық? 2015 жылы «Ертегі лабиринты ойындары» атты семинарды тыңдап, В.Воскобовичтің мектеп жасына дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардың зияткерлік - шығармашылық дамуының ойын технологиясының жүйесі өз ерекшелігімен қызықтырды. В.Воскобовичтің дамыту ойындары баланың зияткерлік дамуына мүмкіндік береді. Оларды балаларға ұсынар алдында біз оларды үлкен қызығушылықпен үйренеміз. Воскобовичтің ойыны ертегі сюжетімен сүйемелденеді, оған салыстыру, талдау, жіктеуге логикалық тапсырмалар кіреді. Барлық ойындар біртіндеп және тұрақты қиындау принципі бойынша жиынтыққа біріктірілген және балалардың зейінді, сөйлеуді, есте сақтауды, қиялды, логикалық және шығармашылық ойлауын қарқынды дамыту жүйесі болып табылады. Тәрбие беруде - білім беру үдерісінде ұсынылған ойын жүйесін қолдану балалардың білімін, шеберлігі мен дағдыларын қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар ең алдымен, бала тұлғасының

шығармашылық дамуына ықпал етеді. Біз алғаш «Күлгін орман», одан кейін «Ларчик», «Коврограф» жинағынан бірегей тәжірибе алдық. «Ларчик» жиынтығы балалардың зияткерлік дамуына, қоршаған ортамен танысуға, психикалық процестерді дамытуға бағытталған қызықты, бірегей, тиімді ойын жаттығуларын өткізуге мүмкіндік береді. Бұл оқу құралы балалардың да, педагогтардың да шығармашылық қызметі үшін үлкен және жеке топтық сабақтар үшін қолайлы.

Бұл технологияны меңгеру барысында келесі іс-шаралар өткізілді:

- педагогикалық құзыреттілікті арттыратын көптеген қызықты әдістемелік іс-шаралар (семинар-практикумдар, мастер-кластар, квест-ойындар, шығармашылық зертханалар, көрмелер, кеңестер);

- перспективті жоспарлауды іске асыру және де дамыту ойындарының картотекасы.

Тәрбиелеу - білім беру процесіне дамыту ойындарын енгізу шығармашылық іс-әрекет және жеке тұлғаның өзін-өзі іске асыруына мүмкіндік берді (педагогтер де, білім алушылар да, мектепке дейінгі балалар мен олардың ата-аналарының оқу процесіне белсенді тартылуына және балалардың зияткерлік дамуында жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етті). Біздің педагогтер В.Воскобовичтің «Мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалармен жұмыс жасаудағы дамыту ойындары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға бірнеше рет қатысып, өз жұмыс тәжірибелерін ұсынды және конференция материалдары бойынша жинақта тәжірибелік жұмыстарды жариялады.

Қорытындылай келе, мектепке дейінгі баланың дамуы оқу іс-әрекетінде емес, ойында жүзеге асырылады. Стандарт балаға жеке көзқарасқа және мектепке дейінгі жастағы балалардың жетекші қызметіне арналған. Ойын рөлінің артуы және оған басты орын беру фактісі, әрине, балабақшаның білім беру үдерісінде ойын технологиясын қолдану тәжірибемізді дәлелдейді.



Сурет 2. В.Воскобовичтің Мектепке дейінгі баланың зияткерлік дамуында дамыту ойындарын қолдану

Балалар ойыны-бұл көңілді көтеру» - көрнекті дәрігер және педагог П.Ф.Лесгафт бұл сөйлемді қайталауды ұнатқан, өйткені ойын барысында балалардың өмірге деген белгілі бір дағдылары мен әдеттерге ие болатын, әлеуметтік тәжірибені меңгеретін, болашақ сипатты қалыптастыратын өзіндік қызмет түрін көрген. Балалар ойыны - бұл уақытты құр өткізу емес, ал жас тұлғаны тәрбиелеудің ақылды педагогикалық тәсілі.

### ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

«Қосымша білім және тәрбие» педагогтерге арналған республикалық оқу-әдістемелік журналы бүгінгі таңда еліміздегі балаларға арналған қосымша білім беру жүйесінде жалғыз республикалық басылым болып табылады.

«Қосымша білім және тәрбие» журналының мерзімдік шығарылымы: 1 жылда 4 рет қазақ және орыс тілдерінде.

Журналда оқу-тәрбие үдерісіндегі инновациялар мен инновациялық технологиялар жөнінде мақалалар және тағы басқа материалдар жарияланады. Біздің журналымыздың оқырмандары – жалпы орта, қосымша (оқушылар үйі, сарайы, балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы; жас натуралистер, туристер, техниктер станциялары; балалар өнер мектебі, балалар музыка мектебі, балалар көркемөнер мектебі; балалар аула клубы және т.б.), кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының, балалардың қоғамдық ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері.

Журнал редакциясының келісімі бойынша Сіз ұйымның қызметі туралы және мерейтойлық материалдарды жариялай аласыз.

Сіз толық ақпаратты 8 (7172) 64-27-31 телефоны немесе e-mail: k.jurnal@mail.ru арқылы біле аласыз

### УВАЖАЕМЫЕ КОЛЛЕГИ!

Республиканский учебно-методический журнал «Қосымша білім және тәрбие» для педагогов на сегодняшний день является единственным республиканским изданием в системе дополнительного образования детей в Казахстане.

Периодический выпуск «Қосымша білім және тәрбие»: 4 раза в год на казахском и русском языках.

В журнале публикуются статьи об инновациях и инновационных технологиях в учебно-воспитательном процессе и другие материалы.

Читатели нашего журнала – педагогические работники организаций общего среднего, дополнительного образования детей (дворец, дом школьников, центр детского и юношеского творчества; станции юных натуралистов, туристов, техников; детская школа искусств, детская музыкальная школа, детская художественная школа; детский дворовый клуб и др.), технического и профессионального образования, детских общественных организаций.

По согласованию с редакцией журнала Вы можете опубликовать юбилейные материалы и о деятельности организации.

Более подробную информацию Вы можете получить по телефону: 8 (7172) 64-27-31 или e-mail: k.jurnal@mail.ru